

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 121 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 9194-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, "Әлеуметтік қамсыздандыру саласының азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1042 бұйрығына, "Мәдениет, мәдениет саласында білім беру, тілдерді дамыту, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, дене шынықтыру және спорт салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №419 бұйрығына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 06 қаңтардағы №01 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8326 нөмірімен тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Д. Кенесбаев

Келісілді:

Шемонаиха аудандық

Мәслихатының төрағасы

"__" _____

Г. Акулов

2025 жылғы 28 сәуірдегі

№ 121 қаулысына

қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі:

1) Негізгі персонал: әлеуметтік қызметкер.

2. Мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі:

1) Басқарушы персонал: коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның директоры;

2) Негізгі персонал: музыкалық жетекші, аккомпаниатор, көркемдік жетекші, барлық атаудағы әдістемеші, дыбыс операторы, мәдени ұйымдастырушы, хореограф, қоюшы режиссер, ұжым (үйірме) басшысы, кітапханашы, қазақ тілі мұғалімі.

3. Спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі:

1) Басқарушы персонал: коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы;

2) Негізгі персонал: жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушы, әдіскер, дәрігер, нұсқаушы-спортшы.